



**Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»
заңының (9-бап) талаптарын жүзеге асыру бойынша
2024-2025 оқу жылы жасалған жұмыстардың
А Н Ы Қ Т А М А С Ы**

Мектептің педагогикалық ұжымымен жүргізілген жұмыстар

2024-2025 оқу жылының басында мектеп директорының 2024 жыл 02 қыркүйектегі «Заңсыз ақша жинауға тыйым салу туралы» №532 бұйрығы мектептің барлық құрамына жеткізіліп, бұйрықпен танысқаны туралы тізім жасалып, қолдары қойылды (*бұйрық көшірмесі ұсынылады*).

Жоғарыда аталған бұйрық негізінде Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының (9-бап) талаптарын жүзеге асырудың жылдық жоспары әзірленіп, педагогикалық, директор жанындағы кеңестердің және ата-аналар жиналыстарының күн тәртібіне қойылды.

Оқу үдерісінің сапасын бақылау отырыстарында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтің «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты Жолдауында көтерілген қағидаларды басшылыққа алып, педагогтердің оқушылар білімін бағалауда әділ болуын, көтермелеп қоюдың салдары түрлі ілтипаттар мен ықыластарға соқтырып, арты заң бұзушылыққа алып келетіні түсіндірілді.

Астана қаласы Білім басқармасының 2025 жыл 07 ақпандағы №243 бұйрығын негізге алып, әр айда жоспарлы түрде ұйымдастырылатын «Ашық есік» күнінде (16.02.2025ж.) «Әкелер мектебі» мүшелерінің қатысуымен «Заң – бәрімізге ортақ» тақырыбында сұқбат алаңы жүргізілді. Есіл аудандық полиция бөлімінің мамандары ата-аналарға, сынып жетекшілерге құқық бұзушылық және «Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу» туралы ақпарат беріп, қоғамдық бейнероликтер ұсынды: <https://www.instagram.com/reel/DGH9AtxNw5s/?igsh=b3ZiOWdrNmxmlDdo>.

Астана қаласы Білім басқармасының 2025 жыл 05 наурыздағы №107-04-30/389 бұйрығы мектеп ұжымына жеткізіліп, таныстырылды және әр сыныптың ата-аналар чатында (whatsapp) жіберілді.

«Заңсыз ақша жинауға тыйым салу және оған қолданылатын қатаң тәртіптік шаралар» туралы мәселе ағымдағы жылдың 12 сәуір күні өткен 9-11 сынып оқушыларының «Қорытынды аттестаттау емтихандары туралы» ата-аналар жиналысының күн тәртібіне қойылды (*ата-аналар жиналысының хаттама көшірмесі ұсынылады*).

Ағымдағы жылдың мамыр айында бітіруші 9-11 сынып жетекшілерінің жеке чаттарына, ата-аналар комитетіне заңсыз ақша жинамау туралы хабарландыру директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.К.Бекишеваның whatsapp чатынан жіберілді (*чаттардан скрин көшірме ұсынылады*).

Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, мектеп мұғалімдерімен жиналыс ұйымдастырылды. Жиында сыбайлас жемқорлықтың түрлері, оның қоғамға және білім беру саласына тигізетін теріс әсерлері туралы жан-жақты түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мұғалімдерге

«Адалдық сағаттары» аясында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мәселелері кеңінен талқыланды. Іс-шара барысында қатысушыларға сыбайлас жемқорлықтың құқықтық және моральдық салдары, оның қоғам мен жеке адамның өміріне тигізетін кері әсері түсіндірілді.

«Адалдық сағаттарында» адалдық пен әділдік ұғымдарының маңыздылығы, тұлғаның және ұжымның имандылығының негізі ретінде қарастырылды. Оқушылар мен қызметкерлерге адалдықтың өмірдегі, әсіресе білім беру саласындағы орнын нығайту мақсатында түрлі мысалдар мен нақты жағдайлар ұсынылды.

Іс-шара барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың маңыздылығы мен әрқайсымыздың осы күресте атқаратын рөлі ерекше атап өтілді. Сонымен қатар, адалдық пен әділдік қағидаларын насихаттау арқылы білім беру ұйымдарында ашықтық пен сенімділікті арттыруға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізудің маңыздылығы баса айтылды.

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар

Ата-аналармен «Адал азамат – ел болашағы» тақырыбында эссе және сурет байқауы өтілді. Бұл шараның мақсаты – ата-аналарға қоғамдық орындарды адалдықтың, адамгершіліктің маңыздылығын түсіндіру, патриоттық сезімді арттыру және болашақта адал азамат болып қалыптасуға ынталандыру. Байқау барысында қатысушылар өз ойларын шығармашылық арқылы білдіріп, адалдық пен жауапкершілік құндылықтарын насихаттады. Эсселер мен суреттерде жастар еліміздің жарқын болашағы – адал, парасатты азаматтардың қолында екенін атап өтті. Шара нәтижесінде қатысушыларда елге деген сүйіспеншілік пен адалдыққа деген ұстаным күшейді, қоғамдық тәртіп пен заңдылықты сақтауға деген ынтасы артты.

Байқау барысында ата-аналар арасында сыбайлас жемқорлықтың теріс салдары мен оның қоғамға әсері туралы пікірталастар ұйымдастырылды. Бұл өз кезегінде олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудағы азаматтық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етті. Сонымен қатар, байқау материалдары мектепішілік көрмеге қойылып, мектепке келушілер арасында адалдық пен әділдік туралы сананы арттыруға бағытталды. Осындай шаралар арқылы үштік ұғымының бірі – ата-аналардың бойында адал азаматтық қасиеттерді дамытуға, патриоттық рухты көтеруге және сыбайлас жемқорлықсыз қоғам құруға үлес қосу көзделді.

«Адал азамат – ел болашағы» атты эссе және сурет байқауы ата-аналар арасында табысты өтті. Бұл іс-шара ата-ана арасында адалдық пен парасаттылық құндылықтарын қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы нығайтуға бағытталды. Байқау қатысушылары өз шығармашылық жұмыстарында елдің болашағы адал, еңбекқор және әділ азаматтарға тәуелді екенін жеткізді. Сонымен қатар, байқау арқылы ата-аналар этика, мораль нормаларын тереңірек түсініп, қоғамдағы дұрыс мінез-құлық үлгілерін насихаттады. Іс-шараның қорытындысында қатысушылардың патриоттық сезімі мен азаматтық жауапкершілігі артқаны байқалды, бұл қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда маңызды қадам болып табылатынын ұғынды.

<https://www.instagram.com/reel/DGH9AtxNw5s/?igsh=b3ZiOWdrNmxmlDdo>).

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



Г.М.Пазилова